



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 8 (807) 22 ақпан 2024 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

## ҮКІМЕТ САФАТЫ

### ҮКІМЕТ САФАТЫНДА СҚО ӘКІМІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖАҚСARTУҒА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРЫН АЙТТЫ

ҚР Парламенті Сенатында өткен Үкімет сағатында облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетов өңірдегі демографиялық жағдайды жақсарту және өзекті мәселелерді шешу бойынша баяндама жасап, өз ұсыныстарын айтты.

Үкімет сағатында өңір басшысы СҚО-да тұрақты тұратын отбасыларға жаңа туған және бала күтімінің біржолғы жәрдемақысын және келбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы жәрдемақыны 2 есеге өсіру, еңбекпен қамтылған әрбір жұмыссызға 2 жыл бойы жұмыс берушілерге 30 АЕК субсидия төлеудің жаңа механизмін енгізу туралы ұсынысын жеткізді. Сондай-ақ Фауез Нұрмұхамбетов ерікті қоныс аудару шеңберінде экономикалық ұтқырлық сертификатын 1625 АЕК-ке дейін ұлғайту, облысшілік қоныстандыру аясында «Еңбек» бағдарламасы бойынша тұрғын үйлерге көшуге құқығы бар турғалар санатын кеңейту, оларға экономикалық ұтқырлық куәліктерін беруді қамтамасыз ету, аймақтық бағдарламаны «Отбасы банкі» арқылы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қажеттігін айтты.

Бұл шаралар солтүстік-қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартып, тұрғындардың кірісін көбейтіп, демографиялық ахуалға оң әсерін тигізеді, - деп атап өтті СҚО әкімі. Сондай-ақ облыс әкімі өңірді газдан-дыру мәселесіне тоқталды.

## МӘСЛИХАТ

### КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯ

2024 жылғы 20 ақпан сөгізінің шақырылған аудандық мәслихаттың он екінші кезектен тыс сессиясы өтіп, ол Facebook желісі арқылы тікелей көрсетілді. Сессия жұмысына аудан әкімі Қайрат Омаров, аудан әкімінің орын-басарлары, Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев, ауылдық округтердің әкімдері (онлайн режимде – ZOOM платформасы арқылы), мемлекеттік меке-мелер мен ұйымдардың басшылары қатысты.

Депутаттар ауданның 2024-2026 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Магжан Жұмбаев ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы туралы, Магжан Жұмбаев ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы мәселелерді қарады.

Бірінші сұрақ бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Дана Мұқанжанова сөз сөйлесе, екінші мәселе бойынша тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев баяндама жасады. Үшінші сұрақ бойынша аудан әкімі аппаратының басшысы Абай Қазисов ақпарат берді.

Күн тәртібіне шығарылған барлық сұрақтар қаралғаннан кейін депутаттар тиісті шешімдер қабылдады.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМ

### ҚЫЗЫЛЖАР ТӨРІНДЕ «QYZYLJAR INVESTMENT FORUM – 2024» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ



Петропавлда «Qyzyljar investment forum – 2024» инвестициялық форумы өтті. Басқосуға бейінді министрлік қызметкерлері, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс саласының өкілдері, шетелдік инвесторлар мен жергілікті кәсіпкерлер жиналды.

Шара өңірдің өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс компанияларының көрмесінен басталды. Келген меймандар Қызылжарда бірнеше жыл қатарынан жұмыс істеп, нарықта өз орнын иеленген компаниялардың жұмысымен танысып, өнімдеріне өз бағасын берді. Көрмеде ұсынылған кәсіпорындардың арасында санаулы жаңа атауды айтпағанда басым бөлігі бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан өндіріс орындары.

Кейін форум жұмысы жалпы отырыста жалғасын тапты. Шараны ашқан өңір басшысы Фауез Нұрмұхамбетов облыс дамуының негізгі көрсеткіштеріне тоқталды.

Сонғы үш жылдың ішінде өңірге 2,2 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылды. Былтыр тікелей шетел инвестициясының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2,6 есеге өсіп, 282 млн. долларға жетті. Бүгінде өңір экономикасының 15 пайызы өнеркәсіпке тиесілі. Былтыр өндіріс көлемі 1,4 млрд. долларды құрады. Мұның ішінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі басым. Бүгінде облысқа құйылған инвестицияның 40 пайызы ауылшаруашылығына бағытталып отыр. Өңірде ауыл шаруашылығы саласын өртарапандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Елде қолданысқа берілетін өр екінің сүт-тауарлы ферма солтүстікте ашылады. Бүгінде біздің алдымызда аграрлы экономикадан аграрлы-индустриалды экономикаға көшу міндеті тұр. Өңірдің инвесторлармен серіктестік

әлеуеті жоғары. Сіздерді бірлескен өр салада бірлесіп жұмыс істеуге шақырамын, - деді СҚО облыс әкімі.

Сонғы 3 жылда өңірге шетелдік 15 компания келген. Бұл ретте 2019 жылы құрылған «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағының инвесторларға берері мол. Қазіргі таңда 4 ірі компания өз жұмысын бастап кеткен. Тағы 16 компания жалпы құны 632 млн. доллар болатын жобаларды жүзеге асыруда. Нәтижесінде аймақта 3 мың жұмыс орны пайда болмақ. Сонғы үш жылда құрылыс көлемі де артып, 70 пайызға өскен. Облыс орталығының жаңа бас жоспарының аясында жаңа нысандар бой көтеріп, ескі ғимараттар жөндеу көреді.

Ұлттық экономика вице-министрі Абзал Әбдікәрімов өңірге инвестиция тартудың соңғы жылдары айтарлықтай артқанын атап өтті. Өткен жылы өңірдегі негізгі капиталға құйылған қаржы көлемі 17 пайызға өскен. Абзал Әлиұлы инвесторлар үшін елде қолайлы жағдай жасалғанын, салықтық жеңілдіктер мен серіктестіктің оңтайлы жолдары туралы айтты. Мұндай жеңілдіктер Қызылжардағы АЭА-ға да қарастырылған. Осы күні елде инвестициялық хаб пен 14 экономикалық, 41 индустриалды аймақ бар екен. Сұрақ-жауап барысында вице-министр ең тиімді инвестиция, балалардың біліміне жұмсалған қаржы екенін айттып, М.Әуезовтің «Ел болам десен, бесіңді түзе» дегенін сөзін еске салды.

Форумға қатысқан италиялық «Prosol»

компаниясының өкілі Сырым Абылғазиев өңірде ашылатын өндіріс орнының жоспарын таныстырды.

«Prosol» компаниясы биотехнологиялық терен өңдеумен айналысады. Зауыт солтүстік Италиядағы Милан қаласының маңында орналасқан. Қазіргі таңда Қытай және Америка нарығына шығуды жоспарлап отырмыз. Өндірісті кеңейту үшін «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағында зауыт құрылысын қолға алдық. Онда белсенді жем-азықтық ашытқы өндіріледі. Солтүстік Қазақстан логистикалық жағынан өте тиімді аймақ. Әлемде биотехнология арқылы мал азығының қоспаларын шығаратын 4 зауыт қана бар. Өзіміз осы сала маманы болғандықтан келешекте мұндағы зауытты да осы қатарға қосқым келеді, - деді Сырым Абылғазиев.

Сонғы бірнеше жылдары Ресейден келіп жатқан өндіріс орындары да көп. Солардың бірі «Бейкертон» серіктестігі. Компанияның көрші елде түрлі тағам өнімдерін шығаратын 3 зауыты бар. Қызылжарда салынатын зауытта ұзақ сақталатын нан өнімдері мен донаттар (пончик) өндіріледі. Сол сияқты «Уралкран» компаниясы да арнайы экономикалық аймақта өндіріс орнын ашқалы жатыр. Онда жүк көтеру крандары құрастырылып, сервистік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейтін болады. Ал «Qilu agro» серіктестігі трактор құрастыруды қолға алмақ.

Форум қорытындысы ретінде қала әкімдігі, «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағы өкілдері мен инвесторлар арасында меморандумдарға қол қойылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ӨНІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ ӨТКІЗІЛЕДІ



## ӨНІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІ

Жас басқарушылардың өнірлік пұлын қалыптастыру мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының өнірлік кадр резервіне келесі салалық бағыттар бойынша іріктеу жарияланады:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
- 2) экономика және қаржы;
- 3) әлеуметтік сала;
- 4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары.

Өнірлік резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:  
1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау;  
2) заңнаманы білуге тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау;  
3) уәкілетті орган жүргізетін құзыреттерді бағалау;  
4) комиссиядағы құрылымдық сұхбат;

5) комиссия отырысында өнірлік резервке алуға ұсынылған кандидаттарларды қарау.

Құжаттарды қабылдау 2024 жылғы 1-31 наурыз аралығында кандидатты тіркеу арқылы [onir.pkrze.gov.kz](http://onir.pkrze.gov.kz) онлайн-платформада жүзеге асырылады. Тіркеумен кандидаттардың жеке кабинетіне кіру логин және пароль бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ құжаттарды мына мекенжай бойынша: Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 38 үй, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне қолма-қол немесе [orgs.sko@mail.ru](mailto:orgs.sko@mail.ru) электрондық поштаға беруге болады.

Құжаттарды қағаз жеткізгіште не электрондық түрде берген кандидаттар да [onir.pkrze.gov.kz](http://onir.pkrze.gov.kz) онлайн-платформасында тіркеледі құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірмей жүктейді.

Өнірлік резервке іріктеуге қатысуға жоғары білімі және кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар (құжаттарды тапсыру сәтінде) 35 жасан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Іріктеуге қатысу үшін азаматтар келесі құжаттарды ұсынады (тіркеу кезінде жүктейді):

- 1) жеке куәлігінің не Қазақстан Республикасы төлқұжатының көшірмесі;
- 2) нысан бойынша өтініш;
- 3) білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері (шетелдік білім беру ұйымдары құжаттарының көшірмелеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен осы құжаттарды тану туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі);
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері (Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес), кандидаттың соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған, нысан бойынша толтырылған қызметтік тізімі.

5) үміткердің түрлі-түсті фотосуреті. Құжаттарды тапсыру кезінде кандидат Іріктеу қағидаларымен танысады және оларды қатаң сақтауға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге өз келісімін береді.

Іріктеуге қатысудан бас тарту және оның кез келген кезеңінен шығару үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) кандидаттың Іріктеу қағидаларын сақтамауы;
- 2) дұрыс емес ақпарат пен құжаттар ұсынуы;
- 3) кандидаттардың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабы 3 тармағының талаптарына сәйкес келмеуі.

Іріктеудің әрбір кезеңінің қорытындысы бойынша ең жоғары нәтижелерге жеткен кандидаттар өнірлік резервке іріктеудің келесі кезеңіне жіберіледі. Өнірлік резервке іріктеудің әрбір келесі кезеңіне жіберілетін кандидаттардың шекті санын комиссия әрбір кезеңнің нәтижелері негізінде айқындайды. Бірнеше кандидатта нәтижелер тең болған кезде іріктеудің келесі кезеңіне комиссия айқындаған сәнінен асатын кандидаттар саны жіберілуі мүмкін.

Өнірлік кадр резервіне алынған адамдар, сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардағы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда орналаса алады.

Қосымша ақпаратты Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің, Өнірлік кадр резерві жобасының - [onir.pkrze.gov.kz](http://onir.pkrze.gov.kz), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің - [sko.onir.reze.gov.kz](mailto:sko.onir.reze.gov.kz) (инстаграм) интернет-ресурстарынан, сондай-ақ 8 (7152) 36-01-35, 46-58-08 телефондары арқылы алуға болады.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖООУ МІНДЕТ

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық қоғам алдында тұрған ең маңызды сын-қатерлердің бірі болып қала береді.

Қазақстанда, көптеген басқа елдердегідей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өдім және гүлденген қоғам құру үшін маңызды мәнге ие. Сыбайлас жемқорлық мәселесі үнемі назар мен күш-жігерді қажет ететін күрделі сынақтарды жалғастыруда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі маңызды қадамдардың бірі құқықтық базаны және бақылаудың институционалды жүйесін нығайту болып табылады. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда ашықтық пен жауапкершілікті арттыру мақсатында ел заңнамасы үнемі жетілдіріліп отырады. Электрондық үкіметті енгізу және процестерді цифрландыру да сыбайлас жемқорлық схемаларының ықтималдығын төмендетуге ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес азаматтық қоғам мен БАҚ-тың белсенді қатысуын талап етеді. Сыбайлас жемқорлық фактілерін жариялауда тәуелсіз журналистер мен қоғам белсенділері маңызды рөл атқарады. Ақпаратпен еркін алмасу және пікір білдіру үшін жағдай жасау сыбайлас жемқорлықтың тамырын үзетін ашық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қоғамның мәдениеті мен менталитетінің өзгеруі негізгі сын-қатерлердің бірі болып табылады. Бұл сыбайлас жемқорлық мінез-құлқыға қарсы тұратын этикалық нормалар мен құндылықтарды қалыптастыруда, сондай-ақ адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаларына басқа назар аудару отырып, азаматтарды оқыту және тәрбиелеуді қамтамасыз етуді қамтиды.

Біздің аударанда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені тұрақты негізде өткізіледі. Сыбайлас жемқорлықтың өңсеру үшін қоғамның барлық салаларының үкіметтің, азаматтық қоғамның және бизнестің бірлескен күш-жігері талап етілетінін атап өткізіледі.

Тек бірігу арқылы біз өз мақсаттарымызға қол жеткізе аламыз және қоғам құра аламыз, онда әділеттілік, заңдылық және адам құқықтарын құрметтеу негізгі принциптер болады.

Қайрат ОМАРОВ,  
аудан әкімі.



ЖАСТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

# EL JASTARY - БІРЫҢҒАҮ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ

Қазақстан EL JASTARY бірыңғай интернет-ресурсы жұмыс істейді. Бұл портал арнайы жастар үшін, сондай-ақ жастар аясаытын жүзеге асыруға мүдделі барша тұлға үшін құрылған. «Жастар» F30» бөлімінде Сіз «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының қызметімен, компанияның тарихымен және қызметкерлерімен таныса аласыз. Сонымен қатар, бұл бөлімде Сіз орталық жүргізген зерттеулер нәтижелерін, жаңалық дайыдаждерін, инфографика мен «Қазақстан жастары» ұлттық баян-

дамаларын таба аласыз. «Жастарға арналған мүмкіндіктер» бөлімінде сіз емханға қалай тіркелу, университетке қалай грантқа түсуден бастап қаржылық сауаттылыққа дейінгі өмірдің түрлі саласындағы сұрақтарға жауап ала аласыз.

Егер жастау жердегі Жастар ресурстық орталығын тапқыңыз келсе немесе Сіз жастар-мен жұмыс істейтін ұйымның қызметкері болсаңыз, онда «Жастар ресурстық орталықтары» бөлімінде өзекті ақпарат және Қазақстан Республикасының аумағында




жұмыс істейтін барлық ЖРО-лардың интерактивті картасын таба аласыз. Сұрақ немесе ұсынысыңыз бар ма? Бізге [infonic@eljastary.kz](mailto:infonic@eljastary.kz) электрондық поштаға хат жазыңыз. Іздегеніңізді порталымыздан тағсыз деп сенеміз!

Мағжан Жұмабаев ауданының жастар ресурстық орталығы.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# ХҚКО-ҒА АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ ЕНГІЗІЛДІ



Мемлекеттік корпорация мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздіксіз күрес жүргізуде. Жүргізуші куәліктеріне теориялық емтихандарды тапсырудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін бұған дейін 3.0 ЖЖЕ жүйесі

енгізілген болатын. Енді тестілеу процесін шулы электромагниттік жиілігі төмен сигналдарды анықтайтын технологияның көмегімен де бақылауға болады.

Айта кетейік, әрбір үшінші жүргізуші куәлігін алуға үміткер аялсын асырып, теорияны микроқұлаққаппен тапсыруға тырысады. Бұл оқиғалықты болдырмау үшін Мемлекеттік корпорация оларды анықтайтын арнайы детекторлар енгізді.

«Микроқұлаққаптардың диаметрі 2 миллиметрден аспауы мүмкін, оларды көру мүмкін емес болғандықтан біз жиілігі төмен сигналдарды анықтайтын жүйе енгіздік. Ол микроқұлаққаптардың бар-жоғын бірден анықтап, ХҚКО операторына дереу хабарлауға қауқарлы. Сондай-

ақ, бағдарлама автоматты түрде экранға микро құлаққап табылғанын және тестілеу тоқтатылатыны туралы хабарламаны шығарады», - деді «Азаматтарға арналған үкімет» Басқарма төрағасының орынбасары Шыңғыс Оразалимов.

Естеріңізге сала кетейік, кемекші техниканы, үшінші тұлғалардың көмегі мен кенестерін пайдаланудың барлық фактілерін Мемлекеттік корпорация тіркейді. Бұл ретте емтихан нәтижелері жойылады. Емитханға қайта кіру үшін айдан кейін ғана мүмкін болады. Айта кетейік, ЖЖЕ 3.0 жүйесі енгізілген сәттен бастап бүгінгі күнге дейін емтиханды түрлі айла-шарғымен тапсырудың 222 фактісі анықталды.

# КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЦИФРАНДЫРЫЛДЫ

Жер телімінің шекарасын қалпына келтіру мен белгілеу өтініштерді «Жылжымайтын мүлік бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесіндегі жария кадастрлық карта арқылы беруге болады.

Бұл жер кадастры саласындағы алғашқы коммерциялық цифрлық қызмет болып табылады.

Мемлекеттік корпорация филиалдарының қызметкерлері барлық аймақтарда дайындықтан өтті, жария кадастрлық картаның жаңа функционалын тестілеп көріп, цифрлық форматта жер телімінің шекарасын қалпына келтіру және белгілеуге өтініштерді қабылдауға

дайын. Мемлекеттік корпорацияда атап өткендей, цифрландырудың бірнеше артықшылығы бар: сыбайлас жемқорлық қаупі төмендейді, өтініштерді аумақтан тыс, кез келген жерден беруге болады. Егер бұрын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік мекемесінің филиалына барып, өтініш беріп, дайын нәтижені алу қажет болса, қазір ондай қажеттілік жоқ.

Кез келген азамат немесе заңды тұлға авторизациядан кейін (логин/пароль, ЭЦҚ, Digital-ID, QR код) жария кадастрлық картаға өтініш бере алады. Шекараларды белгілеуге

немесе қалпына келтіруге өтініш берген кезде жүйе қызмет құнын жедел есептеп береді - бұл жердің мақсаты мен аумағына байланысты - клиентке келісім-шарт және тіпті қол қою үшін төлем үшін шот жіберіледі. Шекараларды белгілеу туралы қорытынды құжат электронды түрде де қолжетімді болады.

Бұған дейін Мемлекеттік корпорация онлайн режимінде алуға болатын тағы төрт жер кадастры қызметін цифрландырып отыр.

Анар ҚҰСАНОВА,  
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ СҚО филиалының PR-менеджері.

# МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҒЫ

Сыбайлас жемқорлық - бұл үнемі мүқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуы тейдей, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық қызығушылықты төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін белгілі бір заңнамалық база қалыптасты. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық база ұлттық заңнаманы қолданыстағы халықаралық стандарттарға жақындатқан көптеген заңнамалық құжаттарды жетілдірді.

Тиісті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау түрінде азаматтық қоғам институттарын дамытуды белсенді мемлекеттік қолдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі халықтың белсенділігінің артуына өкелді.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен заңнамаға мыналарды белгілеуге бағытталған түзетулер енгізілді:

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау қаупі жоғары лауазымдардың тізбелерін айқындау үшін негіздер;
2. Осы лауазымдарға кіру және қызмет өткеру үшін жоғары талаптар;
3. Аталған лауазымдарға орналасуға үміткер адамдар үшін оларға қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқыты сақтау мәніне арнайы тексерулер қолдану мүмкіндігі туралы міндеттемелер.

Барлық мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ведомстволық бағдарламалар мен жоспарларды қабылдайды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар құрылған.

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес проблемасы «ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департаменті» ММ БАҚ-та және әлеуметтік желілерде тұрақты негізде жарияланады, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін арттыру саласындағы негізгі басымдықтар оны оңтайландыру, азаматтардың құқықтары мен мемлекет мүдделерін қорғауға басқа назар аудару жолымен айқындалды, ал сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы бесқасыз күресті қамтамасыз ету, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік қызметшілер мен Қазақстан Республикасы азаматтарының басымдықтарының бірі болып табылады.

Николай БОРЗИЛОВ,  
департамент басшысы.

# САПАЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАНЫЗ

Соңғы уақытта импорттық тұтыну тауарларының сапасы мен қауіпсіздігі мәселелері шиеленісе түсті. Олардың көпшілігі нормаларға, сапа талаптарына сәйкес келмейді.

Қазақстанның шет елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту, яғни қазақстандық экономиканың шетелдік өнім өндірушілер үшін ашықтығы аса маңызды проблемалардың бірі – тұтыну нарығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тудырды. Белгіленген талаптарға сай келмейтін өнім импортының тұрақты өсу үрдісі елеулі алаңдаушылық туғызады.

Қазақстанның тамақ өнеркәсібі-халықты саны мен сапасы бойынша қажетті азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етуге арналған экономиканың стратегиялық салаларының бірі. Бірақ, осы саланың дамуына қарамастан, көптеген азық-түлік өнімдері біздің нарыққа шетелдік өндірушілерден келеді. Сапасыз тауарлардың импортына жол бермеу өте маңызды.

Сондықтан тұтыну нарығын қауіпті тауарлардан қорғау жүйесінің негізгі шараларының бірі тауарлардың белгіленген талаптарға толық сәйкестігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының азық-түлік нарығында негізінен тауарлар мен қызметтердің еріксіз айналымы, тұтынушылық сұранысты қанағаттандыруда нарықтық тетіктерді пайдалану үшін жағдайлар жасалған, нарықтық инфрақұрылымдар мен бәсекелестік ортаны қалыптастыру негіздері қалған.

Қазіргі уақытта Қазақстан тұтыну нарығын импорттық өніммен жаппай толтырумен бетпе-бет келіп отыр. Дүкен сөрелеріндегі орындарды арзан, әрдайым сапалы импорт ала бермейді. Біздің өндірушілер сөрелердегі орындарды қалпына келтіруді жалғастырады.

Мәселенің негізінде қаржылық мүмкіндіктері төмен тұтынушылардың негізгі бөлігі, ең алдымен, өнімнің баға си-



паттамаларына артықшылық береді және оның сапасы мен өнімділігін білдіретін сауда маркасын аз дәрежеде басшылыққа алады. Сондықтан, импорттық арзан өнімдер нарықта үстем жағдайға ие болып, отандық жоғары сапалы тауарларды вытесіретін жағдайлар жиі кездеседі.

Ішкі нарықта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Мемлекет Басшысы қойған басты міндеттердің бірі болып табылады. Ол үшін азаматтық қоғамның, қоғамдық ұйымдардың, БАҚ-тың және жалпы бей-жай тұтынушылардың қатысуы қажет.

Біздің әрқайсымыз тұтынушы болып табыламыз және күн сайын әртүрлі сатып алулар жасаймыз. Сапалы және қауіпсіз өнімді қалай сатып алуға болады. Шынында да, тұтынушының көзқарасы бойынша сапа оның қажеттіліктерін қанағаттандыратын сипаттамалардың жиынтығы болып табылады. Бұл қасиеттер сатып алушының

күткеніне және тауардың мақсатына сәйкес келуі керек.

Көз-келген өнімді таңдағанда не іздеу керек:

- таңбалау үшін.
- Таңбалау тұтынушылардың құрамына, қасиеттеріне, мақсатына қатысты жаңылыстыруды болдырмайтын, біржақты түсінілетін және шынайы болуы тиіс. Сақтау, тасымалдау, пайдалану, көдеге жарату шарттары, дайындау/өндіру және пайдалану/қолдану тәсілі, дайындау/өндіру күні, энергия тұтыну (энергия тұтыну жабдығы үшін), шығу тегі, жарамдылық мерзімі, массасы, көлемі, саны, сондай-ақ өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін тікелей немесе жанама сипаттайтын және олардың мүлкімдігін қамтамасыз ететін басқа да мүлкімдіктер көрсетілуі тиіс дұрыс таңдау.
- Ақпарат өнімнің желелеген түрлерін таңбалауға қойылатын талаптарды ескере

отырып, қаптамада (ыдыста) және (немесе) затбелгіде, затбелгіде, құжаттарда, жадынамаларда (қосымша парақтарда, ақпараттық парақтарда) өніммен бірге беріледі.

Тұтынушыға арналған ақпарат және таңбалау мәтін мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады және өнімнің әрбір бірлігінде қаптамада (ыдыста), затбелгіде, жапсырмада, құжаттарда, жадынамаларда (қосымша парақтарда, ақпараттық парақтарда) оқуға (танысуға) ыңғайлы жерде орналастырылады.

өнімнің сәйкестігін растайтын құжаттарға (сәйкестік туралы декларация, сәйкестік сертификаты, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, ветеринариялық анықтама немесе ветеринариялық сертификат, пайдалану құжаттары, сапа паспорттары және т. б., тауардың түріне байланысты).

Сіз сатушыдан аталған құжаттарды талап етуге толық құқығыңыз бар. Егер сіздің заңды талабыңызға сәйкес көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, өнімді сатып алудан бас тартыңыз.

Егер сіз сапасыз өнімді сатып алуға тәп болсаңыз, таңбалау жоқ немесе сәйкес келмесе, мемлекеттік тілде ақпарат жоқ, сәйкестік туралы декларация жоқ немесе сәйкестік сертификаты ұсынылмаған немесе олардың дұрыстығына күмәнііз болса, онда Сіз уәкілетті органдарға жүгіне аласыз.

Толығырақ ақпаратты «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Петропавл к., Улянов к-сі, 56, телефон 8 (715 2) 52-74-97, электрондық пошта мекенжайы: gosnadzor\_sko@mail.ru.

Екатерина ПАРШИНА,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

## С ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

### ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ АВТОКӨЛІКТЕРДЕ ӨРТ ҚАУІП АРТАДЫ



Жыл басынан бері ауданымызда автокөлік бойынша 2 өрт тіркелді. Жүргізушілер көліктерін жылытқан кезде әрдайым қауіпсіз құралдарды пайдалана бермейді. Автокөліктердің электр жабдықтарының жағдайына ерекше назар аудару керек. Ал қосымша жабдықты тек білікті мамандарға орнатқызын жөн.

Көлік құралдарында өрттердің пайда болуының негізгі себептері:

- автокөлік құралының электр жабдығын орнату және пайдалану қағидаларын бұзу;
- газ жабдығын орнату;
- электр жүйесінің ақауы;
- қозғалтқыштарды ашық от көздерімен жылыту болып табылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі көлікте өрттің алдын алу үшін азаматтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырады:

- суық мезгілде қозғалтқышты жылыту үшін ашық от көздерін пайдаланбаңыздар және машинада электр жабдықтарын өз бетінше жөндемеңіздер;
- көліктің сымдары мен жанар-

май жүйелерін мүмкіндігінше жиі тексеріңіздер;

- автокөлікті өз бетінше жөндеу және пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының қарапайым ережелерін сақтаңыздар;
- егер сіздер жолда бықсыған иісті сезеніңіздер, дереу тоқтап, оттықты, мүмкін болса, аккумуляторды да өшіріңіздер;
- өртті бастапқы кезеңде өрт сөндіру құралымен сөндіруге тырысыңыздар;

**Өрт кезінде «101» немесе «112» телефондары арқылы хабарлаңыздар, оқиға орнының нақты мекенжайының көрсетіңіздер.**

Құрметті автокөлік иелері, өртті сөндіргеннен гөрі алдын алу оңай екенін ұмытпаңыз!

### СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ АБАҰ БОЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары мен қомақтары!

Ауа райы температурасының кенет көтерілуі, қардың қарқынды еруі, су тасқынына әкеліп соғуы мүмкін. Су тасқыны, су басу – болжан болмайтын салдарға әкелуі мүмкін қауіпті табиғи құбылыс.

Су тасқыны қауіп туындаған жағдайдағы іс-әрекеттеріңіз:

- төтенше жағдайлар туралы және іс-әрекет жасау ережелері туралы ақпаратты мұқият тыңданың, телефонды қажетсіз қолданбаңыз, ол Сізбен байланысу үшін бос болу керек;
- сабыр сақтаңыз, көршілеріңізді ескертіңіз, мүгедек адамдарға, балаларға және қарт адамдарға көмек көрсетіңіз;
- өкімдіктен тұрғындарға эвакуация жасау үшін жиналатын жерді сұрап біліңіз және оған дайын болыңыз;
- құжаттарыңызды, киімдеріңізді, ең қажет заттарыңызды, бірнеше күнге азық-түлік қорын, дәрі-дәрмектеріңізді дайын ұстаның. Барлығын сөмкеге салып қойыңыз.

Құжаттарыңызды су өткізбейтін пакеттерде сақтаңыз.

- барлық электр құралдарын тоқтан ажыратыңыз, газды сондіріңіз.
- құнды заттарыңызды және азық-түліктеріңізді жоғарғы қабатқа немесе жоғары сөреге көтеріңіз.

Су тасқыны кезінде кенет су басу аймағындағы іс-әрекеттеріңіз:

- сабыр сақтаңыз, үрейленбеңіз;
- тез қажетті құжаттарыңызды, құндылықтарыңызды, дәрілеріңізді, азық-түлік және басқа да қажетті заттарыңызды жинаңыз;
- балаларға, мүгедек адамдарға және қарт адамдарға көмек көрсетіңіз;
- мүмкіндігінше тез арада су басу аймағынан шығыңыз;
- үйден шығар алдында электр және газбен жабдықтау торабынан айырыңыз, пештегі отты өшіріңіз. Есік және терезелерді жабыңыз, уақыт болса – бірінші қабаттағы есік және терезелерді тақтаймен (қалқан) бекітіңіз;
- жоғарғы қабаттарға көтеріліңіз. Егер үй бірқабатты болса – шатырдың астында болыңыз.



- көмек келгенше жоғарғы қабаттарда, тобелерде, ағаш немесе басқа да жоғарыда болыңыз, мүмкін болса ұялы телефонмен құтқарушыларға хабарласыңыз.

- жақын жерде зарлап шеккендер болса, оларға мүмкіндік болса көмек көрсетіңіз.

**Төтенше жасдай орын алса 112 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалыңыз.** Есіңізде сақтаңыз, дұрыс іс-әрекет Сіздің және Сіздің жақынларыңыздың өмірің сақтайды!

Жарас ТҮЯК,  
Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының 4-курс курсанты.

### ҚАҢҒЫБАС ЖАНУАРЛАР - ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



Қазіргі уақытта ауданның өзекті мәселелерінің бірі қаңғыбас жануарлар санының өсуі болып табылады. Ит - адамның досы. Бірақ кешеді қалғаннан кейін, үй жануарлары қабаған және жабағы болып, жаңа тіршілік ету ортасына бейімделеді немесе өледі.

Тірі қалған жануарлар жылу мен тағамға ұмтылады, сондықтан оларды көбінесе тұрғын үй массивтерінде жанында кездестіруге болады. Жабағы жануарлар үйір-үйір болып жиналады: осылайша олар тіршілік ету, өз аумағын қорғау және азық-түлік базасын қорғау оңайырақ болады.

Олардың негізгі қорек көзі - тамақ қалдықтары, сондықтан қаңғыбас жануарлар, көбінесе, қоқыс жәшіктерінің жанында жүреді. Ал, жанашыр азаматтар көбінесе қаңғыбас жануарларды тамақтандырады, осылайша олардың көбеюіне ықпал етеді: егер азық-түлік базасы жақсы болса, ұрғашылары көп күшктейді.

Жалпы қараусыз қалған иттер мен мысықтар үш жүзге жуық аурудың қоздырғышы болып табылады: құтыру, токсоплазмоз, лептоспироз, дифиллоботриоз, трихинеллез, эхинококкоз және тағы да басқалар. Аула аумақтарының, ойын алаңдары мен құмсалғыштардың негізінен ластану дәрежесін ескерсек, адамдардың, әсіресе, балалардың жұқтыру қаупі бар. Сондай-ақ бұл жағдайда үй жануарларының инфекциясы да жоққа шығарылмайды.

Қаңғыбас үйірлер озбыр болып келеді. Мұның себебі - олар иеліктерін қорғауға ұмтылады. Иттер мен мысықтар, ең алдымен, адамның жауапсыздығына байланысты сыртта қалады.

Қаңғыбас жануарлар санының өсуі мәселесі - біздің ауданда ғана емес, бүкіл республикада өзекті болып тұр. Мұндай жағдай қолайсыз санитарлық, экологиялық, әлеуметтік және құқықтық салдарға әкеледі. Қаңғыбас жануарлар санының өсуі - бұл тез шешілмейтін мәселе, бұл жағдайды шешу үшін іс-шаралар кешенін әзірлеу қажеттілігін тудырады. Бұл үшін, ең алдымен, иелерінің үй жануарларын ұстауға деген жауапкершілігі маңызды.

Елена ЯКУНИНА,  
Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясының ветеринар дәрігері.

С 15 АҚПАН - КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ

# УАҚЫТ ОЛАРДЫ ТАҢДАДЫ



Биыл Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толды. Осыған орай, аудандық Мәдениет үйінде бас қосқан Ауған соғысының ардагерлері орталық алаңда орналасқан ескерткішке гүл шоқтарын қойып, соғыста қаза тапқан жауынгерлерді бір сәт үнсіздікпен еске алды. Бұл күні ардагерлерге лайықты құрмет көрсетіліп, Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мерекелік концерт қойып, кітапханашылар фотосуреттер көрмесін жасады.

- Бұл күн – көңілде сызы, жүректе ізі қалған ауыр да азапты жылдарды еске алар күн! Ауған соғысының қанды күндерін бастан кешіріп, ауыр аманат арқапал, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерлікте өрен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда. Отан алдында берген анттарына адал болған, өздерінің батылдығы мен жанқиярлығын паш еткен, борыштарын мүлтіксіз атқарған, сын сағаттарда бірін-бірі бауыр дескен осындай азаматтар-

ды құрмет тұту ерқайсымыздың борышымыз, - деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов.

1979-1989 жылдар аралығында Ауған соғысы арқылы 600 мыңнан астам офицерлер, сержанттар мен сарбаздар, Кеңес әскерінің жұмысшылары мен қызметкерлері өтті. Батырлығы мен батылдығы үшін, өзінің әскери борышын жанқиярлықпен орындағаны үшін КСРО ордендерімен және медальдарымен 200 мыңнан астам адам марапатталды, 66 адам Кеңес Одағының Батырлары жоғары атағына ие болды. Бұл соғыс көптеген адамдар үшін ең алғашқы және соңғы соғыс болды. Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шығыны 14 433 әскери қызметкерді құрады, 298 хабар-ошарсыз кетті, 54 мың жараланды және 416 мың науқас атанды. Бұл соғысқа 22 296 қазақстандық қатысты, оның ішінде 1 мыңнан астамы солтүстікқазақстандықтар. Мыңға жуық (761-ден 924-ке дейін) қазақстандық қаза тапты, 21-і хабар-ошарсыз кетті. Соғысқа біздің ауданнан 65 адам

қатысты. 7 адам қайтыс болып, соғыстан оралмады. Аман-есен елге оралғандар үшін Ауғанстан олардың жүрегіне терең жазылмайтын жара болып қалды. Қаза тапқандар мен тірілер, өздерінің әскери борышын абыроймен орындағандардың, соғыстан кейін және соғыста алған жарақаттарынан қайтыс болғандардың бәрі де бүкілхалықтық естелік пен құрметке ие болары сөзсіз.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Айзада Рахметова, «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының у.м.а. Данияр Қайсағалиев сөз сөйлеп, ардагерлерге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларына амандық-саулық, бақыт пен береке тіледі. Іс-шара соңында барлық ардагерлерге «Кеңес Әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл» мерейтойлық медальдары табыс етілді.

Иә, Ауған соғысының тарихында сан мыңдаған қазақтың тағдыры мен ерлігі жазылған. Жылдар жылжып

өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ер жүрек жауынгерлердің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Қайғылы шежіре жаңғырығы халықтың зертесінде бағасы артып, уақыт алдыға жылжыған сайын жауынгерлердің жасаған ерліктері бийік беретін болады.

Әр жылдың 15 ақпаны күні - Ауған соғысына қатысқандарды еске алу күні болып есептеледі. «Таулар алыстаған сайын, биіктей түседі» дегендей, қанша уақыт өтсе де бұл күн маңызын жоғалтқан жоқ. Өйткені, өткенсіз-бүгін жоқ. Омырауларыноққа тосып, жанқиярлық ерлік көрсетіп, азаматтық парызын өтеп қайтқан жауынгерлердің алды бүгінде зейнет жасына келді. Олардың тілегі біреу - жер бетінде соғыс болмасын, жаңа бұын соғыстың қасіретін көрмесін, әлемде тек бейбітшілік пен келісім болып, алаңсыз ғұмыр кешіп, ұрпақ өсіріп, тәуелсіз еліміздің жарқын болашағын көру.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## САҒА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

### АУДАНДА АЛИМЕНТ БОЙЫНША БЕРЕШЕК 14 МЛН. ТЕҢГЕДЕН АСҚАН



Жуырда Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасында ведомстваралық жұмыс кеңесі өтіп, онда ата-аналардың 2023 жылы және 2024 жылдың өткен кезеңінде көмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент төлеу бойынша атқарушылық құжаттардың орындалу заңдылығын жай-күйі туралы өзекті мәселе қаралды.

Аудан прокуратурасының төрағалығымен өткен кеңестің жұмысына полиция, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің басшылары қатысып, олар жекелеген ата-аналардың алимент төлеу және берешектің өсуі бойынша міндеттерді орындамау себептерін талқылады.

Аудан прокуратурасының мәліметінше, аудан бойынша алимент алушылар саны 300-ден астам және берешектің жалпы сомасы 14 млн. теңгеден асады. Алимент төлемеудің негізгі себебі

- борышкерлердің жұмысқа орналаспауы және тұрақты табыстың болмауы.

Жағдайды шешу үшін жоғарыда аталған ведомстволардың бірлескен іс-шаралар кешені, оның ішінде жұмыссыз борышкерлерді жұмысқа орналастыру үшін бос орындар жәрмеңкелерін өткізу, сондай-ақ қасақана төлемейтіндерге қатысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастыру туралы мәселелерді қарау жоспарланған.

2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша балаларды асырауға қаражат төлеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін 43 адам әкімшілік және 22 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Аудан прокуратурасы алимент төлеуден жалтарғаны үшін ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 669 бабы 1 бөлігі бойынша 5 АЕК мөлшерінде айыппұл және 5 тәулікке дейінгі мерзімге қамғауға алу түріндегі жауапкершілік, сондай-ақ ҚР ҚК 139 бабы бойынша қоғамдық жұмыстарға 600 сағатқа дейінгі мерзімге тарту немесе 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жауаптылық көзделгені еске салады.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.

### МАҒЖАНДЫҚТАР СОҒЫ 5 ЖЫЛДА АЛАЯҚТАРҒА 74 МЛН. ТЕҢГЕГЕ АЛДАНҒАН

Прокуратура аудан тұрғындары мен қонақтарын интернет желісіндегі алаяқтық санының артуы туралы ескертеді.

Егер 2019 жылы солтүстікқазақстандықтарға қатысты 45,7 млн. теңге сомасына 231 интернет-алаяқтық жасалса, өткен жылы өңірдің полициясы 885 млн. теңге сомасына осындай 778 қылмыс түрін тіркеді, ал ел бойынша алданғандар саны 46 мыңнан асты.

Алаяқтар Мағжан Жұмабаев ауданында да айналып өткен жоқ, соңғы 5 жылда 55 тұрғын алаяқтықтың құрбаны болды, олар 74,2 млн. теңгеге алданған.

Соңғы жағдай ағымдағы жылдың 31 қаңтарында Қазақоа ауылшынш тұрғыны 3 334 000 теңгеге алданған.

Белгісіз ер адам мен әйел жөбіренушіге ватсапқа хабарласып, өздерін банк қызметкерлері ретінде таныстырған, банктік шоттарындағы күдікті операция туралы хабарлап, жағымсыз салдарды болдырмау үшін олардың нұсқауларын орындауды ұсынаған.

Ауыл тұрғыны келісіп, депозиттік шоттан зейнетақыдан жинақталған 520 мың теңге сомасындағы ақшаны басқа шотқа аударған, содан кейін 2,8 млн. теңгеге онлайн кредит

ресімдеп, қоңырау шалушыларға интернет желісіндегі ақшаға билік ету үшін барлық қажетті деректерді берген.

Бұл әрекеттер үшін қаскүнемдерді анықтап, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін емес. Өйткені тергеу тәжірибесі көрсеткендей, қоңырауларды шетелден «шетелдік интернет-алаяқтар» деп аталатын адамдар жасайды. Сондықтан олар біздің азаматтарымызға басты экономикалық қауіп төндіріп отыр.

Қылмыскерлер алдаудың әртүрлі тәсілдерін қолданады, ең көп тарағандары:

- тауарларды сату және қызмет көрсету туралы онлайн-хабарландыруларды орналастыру;
- азаматтарға қоңырау шалу, өздерін банктер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері ретінде көрсету, содан кейін оларды әртүрлі жағдайларға баулу және модельдеу;
- ұсыныс әр түрлі инвестициялық жобаларға ақша салу үшін тиімді;
- кейіннен пайдаланушылардың құпия ақпаратын алатын әртүрлі компаниялар мен ұйымдардың фишингтік сайттарын құру.

Алаяқтардың Қазақстан тұрғындарын өздерінің қылмыстық схемасында ақша



жинау және алу үшін дроппер ретінде пайдалануы жиі кездеседі.

Оларға әлеуетті жөбіренушілердің ақшасы түсетін банктерде шоттар ашу тапсырылады, онда дропперлер белгілі бір бөлігін (10% дейін) өзіне қалдырады, қалғандары алаяқтар көрсеткен шоттарға аударылады.

Осыған байланысты, прокуратура тағы да азаматтардың қырағы болуға және өздерінің дербес деректерін үшінші тұлғаларға хабарламауға шақырады.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.

С-5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

# «Ұлы дала дубірі»



5-ші  
**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
КӨШПЕНДІЛЕР  
ОЙЫНДАРЫ**  
АСТАНА 2024



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – өлем жұртшылығына көшпенділердің даналығы мен дәстүрін, мәдениеті мен өнерін паш ететін халықаралық деңгейдегі айтулы мереке. Қазірдің өзінде, елімізде өтетін Көшпенділер ойындарына 73 мемлекеттің өкілдері қатысуға ниет білдірді. Демек, өлем елдерінің қызығушылығы өлі де артып, қатысушылар саны өсуіміз көбеюі мүмкін.

Сондықтан ұлттық спорт түрлері мен этникалық туризмге қызығушылық танытқан барлық саяхатшыға қауіпсіз өрі жайлы жағдай жасалмақ, көшпенділер ойындары кезінде Астанаға 100 мыңнан астам турист келеді деп болжануда. Осылайша, көшпенділер ойындарының өлемдегі этномәдени және этноспорт қозғалысының дамуына жанаша серпін беретіні сөзсіз.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасы спорт, мәдениет, ғылым сынды негізгі үш саланы қамтиды. Осы үш саланы біріктірудің арқасында көшпенділер мәдениетін зерттеп, жаһандық деңгейде насихаттау мүмкіндігі артады. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ат спорты

**2024 жылдың 8-14 қыркүйек аралығында Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары еліміздегі басты оқиғалардың бірі саналады. Дүбірлі дәдәсі 100-ден астам мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысады деп күтілуде.**

түрлері, ұлттық күрес түрлері, садақ ату, дәстүрлі интеллектуалды ойындар, саятшылық өнер, садақ ату, жамбы ату, арқан тарту сынды ұлттық және халықтық ойындардың 20 түрінен жарыс өтеді. Бұған қоса ресми бағдарламадан тыс, ұлттық өнердің 10 түрін таныстыру мақсатында өтетін арнайы көрсетілім сайыстары белгіленген.

«Қазанат» ипподромы мен оның маңында орналасатын «Көшпенділер өлемі» этноауылында ат жарыс, коқпар, саятшылық өнері мен садақ ату жарыстары өтеді. Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз айдынында ұлттық күрес түрлері мен халық ойындары, «Думан» қонақ үй кешенінде интеллектуалды ойындар сайысы өтеді. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанаты «Астана-Арена» стадионында, жабылуы «Қазанат» ипподромында өтеді деп жоспарланған.

Көшпенділер ойындарының идеясын толық ашу үшін еліміздің барлық

аймағында «Бірлік керуені» жобасы іске асырылады. «Қазанат» ипподромының аумағында «Көшпенділер өлемі» атауымен этноауыл құрылады. Этноауылда апта бойы Қазақстан мен өлем елдерінің үздік колонер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары өтеді. Ақылдар айтысы мен төл мәдениетімізді паш ететін басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады. Этноауылды бір күнде 30 мың көрерменнің аралауына жағдай жасалады.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары кезінде Ұлттық музейде Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Онда көшпелі халықтар өркениетінің адамзат тарихындағы маңызы мен мұрасы зерттеліп, ғылыми баға беріледі.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ұраны - «ҰЛЫ ДАЛА ДУБІРІ».

Логотип формасы сопақшаға жақын шеңбер. Онда күнбасты салт атты бейнеленген. Бұл белгі Дүниежүзілік

көшпенділер ойындарын өткізуші елдердің барлығында қолданылып келеді. Логотиптің жалпы пішіні сұлбасы көшпенділер қолдан жасаған тұрмыстық бұйымның сәндік элементтеріне ұқсайды. Логотип қою қызыл түспен боялған. Бұл ақық тастың түсі қан мен отты, жүрек пен күнді еске салады өрі адам бойына қуат береді деген сеніммен ұшталады. Ақық таспен ежелде қамшы, белбеу іспетті бұйымдар өрленген. Ойын атауы мыңжылдықтың басында түркі руналарында қолданылған түпнұсқа шрифтпен жазылған. Логотип түсі көшпенділердің материалдық өлемінен (дүниетанымнан) алынған.

Анықтама үнісі: Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары – этникалық спорт түрлері бойынша өтетін халықаралық жарыс. Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының алғашқы үш жарысы Қырғыз елінің Шолпан Ата қаласында 2014, 2016 және 2018 жылдары өтті. Төртінші Дүниежүзілік ойындар 2022 жылы Түркияның Изник шаһарында ұйымдастырылды.

**О. Г. ДУБЕВА,  
Нұрметовқа ауылының  
кітапханашысы.**

**Кітапхана – байлықтың көні. Бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғап отыратын мәдени орталық.**

Бүгінгі күні кітапханалардың міндеті – жастарға тәрбие беру арқылы өдебиеттерді насихаттау. Қаңтар, ақпан айларында Мағжан Жұмабаев ауданының орталық кітапханасы мәмлекеттік тапсырыспен келген жаңа кітаптармен толықтырылды. Илья Жақановтың «Інжу - маржан» басылымында қазақ өндері жайында жинаған материалдары, зерттеулері еніп отыр. Басылымда Монғол, Қытай жерлерінде, Алтай, Тарбағатай аймақтарында орындалған қазақ өндерінің және «Елім-ай!», «Алаш марышы», «Абылай марышы», «Әуіпіндек», «Ақ баян», «Ағажан-Ләттеп» сынды өндердің қилы тарихы, шығу тарихы, орындалу ерекшеліктері баяндалады. Еңбек енертанушылар мен мәдениеттанушыларға, өнер тарихы қызықтыратын барша оқырман қауымға арналған.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Есенғали Раушановтың «Жаздың жұпар жаңбыры» кітабына ақынның өр жылдардағы белгілі тұлғалар туралы жазылған естелік-эсселері мен сұхбаттары топтастырылған. Кітап екі бөлімнен тұрады: Эсселер және сұхбаттар.

Ғалымбек Жұматовтың «Көңілдің толқын көздері» кітабына «Шырмауық», «Жиен», «Мұзды құрсау» драмалары, «Дертке дауа» комедиясы, шағын өңімелері еніп отыр. Драма шығармалары өліміздің азаттығы үшін күрескен Алаш азаматтары басынан кешкен оқиғалары, 16 жасынан қазақтың байтақ даласының азаттығы үшін, еркіндігі үшін күрес туын жөлбіреткен Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қатарынан табылуға ұмтылып, жалындаған жастық шағында қуғын-сүргіннің құрбаны болған алаш азаматының өмірінен прототиптік негізде пайдаланған. Ал «Дертке дауа» шығармасы комедия бағытында жазылған. Оқиғаның негізгі кейіпкері бүгінгі заманның ақсақалы. Қария пандемияға тап болып, сырқаттанып қалады. Осы жолда шытырман оқиғаға көзделіп, талай қиындықты жеңіп шығады. Көпшілік қауым үшін берері мол кітап болары сөзсіз. Әділбек Тауасаровтың шығармалар жинағының бірінші томында көпшілік оқырман өлі жете танысып

**С ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!**

## ЖАҢА КІТАПТАР ӘЛЕМІНДЕ



үлгермеген хикаялары, новеллалары, өңімелері енгізіліп отыр.

Тілеуғазы Бейсембек «Жұпары жиде гүлінің» жыр жинағындағы шығармаларында адамгершілікті, достықты, адалдықты жырлайды. Жинақтағы шығармалардың қай-қайсысы да көпшіліктің көңілінен шығады деп сенеміз.

Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Алаштың сөнбес жұлдыздары» атты кітабы естелік-эссе жанрында жазылған ерекше дүние. Олай дейтініміз, кітап авторы Гүлнар Дулатова – Алаштың арыстарын көзі көрген жалғыз жан. Кітап Алаш арыстарының көсемі – Әлихан Бөкейхановтан бастап, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Хасен Қошанбаев, Мырзағазы Есболлов, Сейідалы Оразалин және т.б. қазақтың зиялы қауымының өнегелі өмірлері мен істеген қызметтері, кейінгі қилы-қилы тағдырлары жүйелі түрде жатық тілмен

жаңа түсініктемесін берді. Автордың 40 жыл бойы жүргізген даналық экспедиция нәтижесінде өр мұнараның археологиялық сипаттамасы алғаш рет толық беріліп отыр. Еңбек түркітанушы, археолог, тарихшы, өнертанушы, этнограф ғалымдарға, байырғы ұлттық құндылықтарды қызықтаушы оқырман қауымға арналған.

«Асқақтық пен адасу» - ағылшын өдебиетінің шедеврі саналатын туынды. Басты кейіпкері Элизабет Беннет пен Дарси мырзаның романтикалық махаббат хикаясына құралған шығармада Остин Джейн XIX ғасырдың басындағы ағылшын қоғамының тұрмысы мен өдегүрпын астарлы ирониямен баяндайды. Бойжеткен бес қыз тәрбиелеп отырған қарапайым Беннеттер отбасының күнделікті тыныс-тіршілігі арқылы күллі ағылшын қоғамындағы оқиғалар көрініс тауып, әлеуметтік таптардың қарым-қатынасы сипатталады. Дегенмен ақсүйектер мен төменгі тап өкілдерінің арасындағы кереғар қайшылықты өзі махаббат алдында дәрменсіздік танытады.

Белгілі балалар ақыны Өтепбергән Ақыпбекұлының «Құлия оқулық» кітабы өріптер, өліпбилік сөз тізілімдері туралы. Бір ғана өріптен басталатын сөздерді түзіп қысқа өлең, жаңылтпаш, жұмбақ қана емес, ұзақ та қызыллықты өртегі жазуға болады екен. Әр өріптің өлі де ашылып болмаған өз құпия сыры жетерлік. Кітап жеті бөлімнен тұрады: Бірінші бөлім «Айдай аппақ бөлем бар», екінші бөлім «Біздің үйдің адамдары», үшінші бөлім «Тілтаным», төртінші бөлім «Қоралтағы баспахана», бесінші бөлім «Бөлем есіп келеді», алтыншы бөлім «Қандай ұлттық тағам бар?», жетінші бөлім «Қиялдай қилы қызықтар». Мұхаметжан Етекбаевтың «Алатау» өртегілері кітабында баласының балапан көзден ақиық қыран болғанын дейінгі есіп-жетілуі, түзде түлеп, көкте шарықтауы, олардың мінез-құлқы қасиеттері сөз болады.

Кітапханамызда жас-көріге бірдей қажет көркем дүниелер аз емес.

Рухани азық іздеген өрбір саналы адамның өдеби-көркем шығармаларды, газет-журналдарды оқып, олардан рухани азат алу үшін кітапханалық келері анық.

**Жанар БІЛІМЖІНОВА,  
ОКЖ жинақтау бөлімінің  
кітапханашысы.**

# «АБЫЛАЙДЫҢ ҚАРА ЖОЛЫ» ТАРИХИ ЖОЛ

Көкшетау тарихи-географиялық аймақ – Қазақтың қыраты Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан. XVIII ғасырда Көкшетауда Қазақстан мен Орталық Азия тарихындағы ең беделді мемлекеттік және саяси қайраткерлердің бірі Абылай ханның ордасы орын тепті. Дәл осы Көкшетауда, ұлы қолбасшы шығыстан шабуылдаған басқыншыларға тойтарыс беретін қазқтың басын қосып, ешкімге бодан қылмай, азат етті, тәуелсіздікке қол жеткізді.

Негізінде, ханның шын есімі – Абылай-Мұхаммед Баһадүр сұлтан (1711-1781). Қазақ мемлекетінің ішкі саяси өмірін тұрақтандыру халықаралық қатынастардың одан әрі дамуына ықпал етеді. Сонымен, жоңғарлармен және Қытай Цин империясымен ұзаққа созылған соғыс аяқталғаннан кейін, Абылай хан көршілес Ресей мен Қытай елдерімен дипломатиялық және сауда-экономикалық қарым-қатынас орнатады. Сондай-ақ, дипломатиялық байланыстарды кеңейту мақсатында хан Абылай Ауғанстан билеушісі Ахмад шах Дурранимен келіссөз жүргізіп, Түркияға да елшілік дайындаған.

«Хан Абылай көрші елдермен сауда-саттық қарым-қатынасын орната отырып, ең алдымен бейбіт бітімгершілік қызметін атқарды. Дәл оның басшылығымен халықаралық сахнада өзара тиімді қарым-қатынастар орнаған. Қазақ Даласының шекарасындағы елді мекендер өзара келіссөз бен ынтымақтастық орталығына айналған. Абылай құрлық ішілік транзиттік сауданы дамыту саясатының бастамашысы және белсенді демеушісі болды. Ханның Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын дамытудағы қызметі ең алдымен қазақ қоғамының шынайылығы мен қажеттіліктерін танытады. Екі жақты қарым-қатынастарды орнатудағы Қазақ хандығының және Қазақстан аумағындағы басқа да мемлекеттердің тұсында, екі жақты мемлекеттік қатынастарды орнатуда маңызды рөлдердің бірін – көне тарихи жолдар атқарды.

«Абылайдың қара жолы» сауда-керуен жолы бойында деректер аз. Олардың кейбірінде топонимдер мен гидронимдер белгіленіп, жолдар, жер атаулары туралы сирек мәліметтер кездеседі. Жергілікті дерек көзінде – Көкшетау өңірінде сақталған тарихи деректерде, Абылай есімімен байланысты бұл керуен жолы сол жерден басталып, бас резиденциясы «Хан ордасы» тарихи Көкшетауда болған. Орталық Азия, Қытай, тіпті ресейлік дереккөздердің ақпараттық әлеуетті соңғыларының кейбір қолжетімді мәліметтеріне қарамастан өлі анықталмаған. Мәселені зерттеуде картографиялық мәліметтер маңызды рөл атқарар еді. Бірақ Ресей отарлау саясатының жүріп жатқандығынан ұлттық топонимдердің кейбір түпнұсқалары сақталмады, оның үстіне орыс картографтары карталарды құрастыру кезінде жиі қателіктер мен нақты емес дәлсіздіктерге жол берген. Бұл туралы XIX ғасырдың 1878 жылында Көкшетау аймағында болған зерттеуші, саяхатшы И.Словцов жазған еді.

Сонымен, шын мәнінде «жол» ұғымы қозғалысқа арналған жер беділеуін, баруға немесе айдауға болатын жерді, жүретін жолды білдіреді. Баршаңызға белгілі, әлемдегі алғашқы жолдар адамзаттың мәдени дамуымен бірге пайда болған. Ежелгі және ортағасырлық дәуірде атакты «Ұлы Жібек жолы» – Шығыс пен Батыстың әлемдік мәдениеттерін байланыстыратын трансконтинентальды магистраль болды. Сондықтан да Қазақ Даласы ежелден Еуразия аумағында «Ұлттардың Тарихи Қазнасы» деп аталған. Сондай-ақ ортағасырлық деректерде жолдарға қатысты Ұлы Дала аумағы Шығыс хан мен Ұлыс Жошының дүниежүзілік империясы туралы сөз болғанда, олардың дамыған және кең пошталық хабарламалар желісімен, ақпаратты тасымалдау жылдамдығы жағынан сол уақытта әлемде теңдессіз болғандығы айтылады. Айта кетерлік жайт, орыстар «Ұлық Ұлысы» түркі-моңғол империя-

Қазақстан тарихнамасында бұл өзекті мәселелердің бірі және іс жүзінде әлі де толық зерттелмеген. Тарихи жол ұғымының мәні – тарихи маңызы бар жолдардың бағыттарын білдіреді. Мақалада XVIII ғасыр тарихында білік құрған «Абылай хан дәуірі» аталған атақты ханның есімімен байланысты «Хан жолы», «Абылайдың қара жолы» сауда-керуен жолы туралы сирек кездесетін мәліметтер беріледі. Көне заманнан Қазақ даласының үлкен көліктік әлеуетінің болғандығының дәлелі еліміздің ежелгі өңірлері: Көкшетау – Ұлытау – Түркістан аумақтары арқылы солтүстікті оңтүстікпен байланыстыратын тарихи жолдар. Қазақстандағы аталған ең ірі жолдардың бірі болған бұл бағыт дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды орнатуға, халықаралық маңызы бар жолға айналуға маңызды рөл атқарды.

## Абылай ханның қара жолы



сы – Алтын Ордаға тәуелді болған кезде, шыңғыстықтардан хабар жеткізуші шабармандықты қабылдаған. Сонау ерте заманан-ақ көшпелілердің жерінде сан алуан жерлермен ұзыннан – шұбақ, кесе қолденен түрлі керуен жолдары, сауда, әскери және зерттеу жолдары болған. Негізінен шексіз және жазық Қазақ Даласы сол кездің өзінде-ақ үлкен көлік әлеуетіне ие болған. Қазақстан ежелден түрлі Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің, халықтары мен олардың мәдениеттерінің тоғасқан жері болды.

XVIII ғасырда, Абылай хан дәуірінде Қазақ хандығының солтүстікті оңтүстікпен байланыстыратын тарихи жол керуен жолына айналып, халық аузында оның негізін қалаушының аты танымал: «Абылай ханның қара жолы», «Хан жолы», «Абылайдың қара жолы» деп аталды. Ұғымның семантикасына келер болсақ, бұл жағдайда қара түс белгісі тура емес, астарлы мағынаны білдіреді, өйткені қазақтарда қара түс, зерттеушілердің пікірінше, «полисемантикалық, нысандық мағыналардың орасан зор санына ие – қасиетті, киелілік ұғымы». Демек, жоғарыдағы ұғымның мағынасы қасиетті жолды бейнелейді. Сонымен, хан Абылай негізін салған сауда және керуен жолы өрі қарай XIX ғасырда қызмет етті.

«Абылайдың қара жолы» тарихи жолы Батыстағы «Ноғай жолы», «Орынбор – Бұхара» керуен жолы және т.б. қатар Қазақстандағы ең ірі өрі маңызды жолдардың бірі болған. Ең ірі сауда және керуен жолдарының жалпы саны «Абылай хан жолы» қосқанда 12 болды. Бұл туралы ғалым өрі саяхатшы А.Левиннің (1797-1879) «Қырғыз-казак, немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде айтылған. Алайда, Абылай ханның сауда-керуен жолы бойындағы

аймақтарды тізіп өткен А.Левиннің Көкшетау тауларына қателесіп, ғылыми-қоспалық басылымда «Кочка» деп атаған. Осыны алдын ала болжаған ғалым өзінің алғы сөзінде яғни, зерттеген нысаны, қазақ халқының тарихи ондағы барлық еңбегі бекер болмай, «оқырманлар тақырыптың жаңалықтарын күрметтейтіндіктен кейбір қателіктерді кешірелі деп ұміттенемін», - жазған екен.

Ал 1813-1814 жылдары керуен жолымен саяхаттаған Сібір корпусының аудармашысы Ф.Назаровтың «Орта Азияның кейбір халықтары мен жерлері туралы жазбалар» еңбегінде «Абылайдың қара жолы» бойындағы атакты таулар – «Көкшетау», «Көкше» деп дұрыс аталды. Бұл еңбек 1821 жылы Петербургте, 50 жылдан кейін «Түркістан жинағы» деп аталатын 1871 жылғы басылымда жарияланған. Ф.Назаровтың жолы Омбыдан Қызылжарға, Көкшетау, одан өрі Ұлытау, Бетпақ дала, одан өрі оңтүстік бағытта Ташкент, Созаққа дейін созылып, ежелгі Қокан қаласына соңғы нүкте болғаны белгілі. Қайтар жолда Орталық Азия еліне жіберілген Ресей елшілігі солтүстік бағытта: Түркістан – Ұлытау – Көкшетау аймағы, одан өрі Қазақстан-Ресей шекарасына қарай жылжи бастаған. Бүгінгі таңда Ф.Назаровтың еңбегі «Абылай ханның қара жолы» тарихи жолындағы негізгі деректердің бірі екенін айту керек.

Қазақтың археология мектебінің негізін қалаушы Ә.Марғұланның айтуынша, бұл керуен жолы «Хан жолы» мәртебесін қазақтың ханы Абылай өзінің серіктерімен бірге жүріп өткеннен кейін алған. Зерттеуші С.Ахьянов XVIII ғасырдың ортасында Бетпақ дала шолінің шығыс жағынан бірнеше керуен жолдары өткенін, оның ішінде «Абылайдың хан жолы» да бар екенін атап өтті.

Басқа деректерде бұл керуен жолы халық арасында «Абылайдың даңғыл жолы» пошталық тракты және сауда жолы деп аталған. Бұл туралы өзінің «Абылай хан. Замандастары мен мұрагерлері» атты монографиясында тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Әбуев жазған екен. Көкшетау маңында XVIII ғасырда хан Абылай жылқыға таға жасау үшін металл өңдейтін, пехтары бар зауыт шеберханаларын салғаны белгілі. Мұнда олар егіншілікпен, әр түрлі қосптермен айналысқан, соның ішінде балыққа бай Көкшетау көлдерінде балық аулау да болған.

Бір қызығы, бұл көлдердің ең үлкені: «Көкшетаудың Шалқары» деп аталды. XIX ғасырдағы картада «Көкшетаудың теңізі» деген атпен кездеседі. Қазір көл «Үлкен Шабакты» деп аталады. Қарастырылып отырған кезеңде Май-балық және «Кіші Шабакты» көлдерін қамтитын «Көкшетаудың Шалқары» көлі Көкшетау таулары жай-жақтан шайып жіберген. Қазір бұғаздың бір бөлігі кеуіп қалды, бірақ соған қарамастан болашақта көлдің «Көкшетаудың Шалқары» тарихи атауын қалпына келтіру қажет. Ұлттық топонимдер, оронимдер, гидронимдер мәселесі Қазақстанда әлі де өзекті.

Ұлттық топонимия деректері сауда коммуникациясының түйінді тұстарын айғақтай алады. Ә.Марғұлан Уанас және Жетіқоныр жолдарын сипаттай отырып, негізгі нүктелердің бірі ретінде Шу өзеніндегі Тасөткел өткелін атайды. Бұл мағынасы сөзбе-сөз «өзеннен немесе өткелден өту» дегенді білдіреді. Уанас керуен жолының бір тармағы қазіргі елордамыз Астанадан бес шақырым биіктіктегі Есілдегі Қарөткел өткелінен өткен. Осы өткелден оңтүстік-батысқа қарай бес шақырым жерде шағын көлдің жағасында ортағасырлық Бозоқ қалашығы болған. Сарысу керуен жолы Сарысу өзеніндегі Тасөткел өткелінен өткен.

Зерттеушілердің пікірінше, бұрыннан бар ұтымды салынған көне жолдардың ізімен, бөлек тарамдары бүгінгі күнге дейін пайдаланылады. 2007 жылы Біржан сал ауданында тарихи-этнографиялық экспедиция кезінде Көкшетау қаласындағы Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлеріне барған «Сауле» ауылының тұрғындары да осы маңнан өтетін көне жол туралы айтқан болатын. Бұл жол халық арасында «Абылайдың қара жолы» деп атаған. Жоғарыда аталған елді мекеннің шығысында Абылай заманынан белгілі «Сарбаздар қорымы» орналасқан. «Хан жолы» керуен жолы оңтүстік-шығыс бағытында өткен болатын.

Ежелгі жол бойындағы дереккөз ретінде қазақтың ауызша тарихнамасын, осыған байланысты халық ауыз әдебиеті мен әдебиетін алуға болады. Бұл мәліметтердің кейбірі «Абылайдың қара жолы» туралы тікелей, ал басқалары жанама, астарлы байланысты болуы мүмкін:

«Сендер де аман болыңдар, таудың тасы!

Сарқыраған булақтар, судың басы!  
Қара жолдың аман бол екі жағы,  
Қоптасады бөріне көздің жасы!»

(Мәшһүр Жүсіп шығармасынан)

«Қара жолдың үстінен,  
Қалың жылқы жарылып  
Екі жаққа қалады...»

(«Қобыланды батыр» жырлынан)

«Анау үй мен мынау үй қатынаған,  
Қара жолдың қас тәсі қақыраған,  
Қара суға қас тұрған майысқак мұз,  
Шертіп қалсаң быт-шыт

боп шатпанаған».

(М. Мақатаев шығармасынан).

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақтар арасында «қара», яғни қара түсті көп мағыналы, атаулар саны өте көп, оның ішінде қасиеттілік ұғымы да бар. Философиялық тұрғыдан алғанда, ұшықыр шексіз жолдың астында адамның өмір жолы кейінін түріп білдіретіндей...

**Бибігүл БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ,**  
Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.



Дүйсенбі, 26 ақпан	Сейсенбі, 27 ақпан	Сәрсенбі, 28 ақпан	Бейсенбі, 29 ақпан	Жұма, 1 наурыз	Сенбі, 2 наурыз	Жексенбі, 3 наурыз
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 ШАҢЫРАҚ. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TАՆՏHՈԼՐԱՆ. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ОТАНДЫҚ BRAND. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TАՆՏHՈԼՐԱՆ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15 «ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ», Х/Ф. 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TАՆՏHՈԼՐԱՆ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15 «ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ», Х/Ф. 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TАՆՏHՈԼՐԱՆ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 Д/Ф. 15.15 НІЖУ-МАРЖАН. 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 TАՆՏHՈԼՐԱՆ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30, 02.00 Д/Ф. 15.15, 02.25 КОНЦЕРТ. 16.35 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 01.05 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.30 ШАҢЫРАҚ. 08.00, 16.20, 17.20 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 03.10 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 КОНЦЕРТ. 15.00 М/Ф «КУНГ-ФУ ПАНДА-3». 20.00 ЕКІ ЛЕБІЗ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.35 ШАҢЫРАҚ. 07.05, 23.25 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.45 БРЕГЕЙ. 09.35 АҚСАҮЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.30 М/Ф. 15.50, 21.00 КОНЦЕРТ. 17.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 19.53 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 20.00, 03.15 АПТА. 20.50 АҚОРДА. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 00.00 QAZAQSTAN DAУЫСЫ. 01.55 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ-2».

Дүйсенбі, 26 ақпан	Сейсенбі, 27 ақпан	Сәрсенбі, 28 ақпан	Бейсенбі, 29 ақпан	Жұма, 1 наурыз	Сенбі, 2 наурыз	Жексенбі, 3 наурыз
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ПРИНЦЕССА МОНАКО», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.25 М/Ф. 11.45 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 23.30 Т/Х «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ПӨЛЕН-ШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф. 11.45 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 22.45 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/Х «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН-ШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 22.45 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/Х «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН-ШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.25 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 11.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 11.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00, 22.45 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/С «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН-ШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00 Т/С «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 КОНЦЕРТ. 00.15 ӨСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 ҚАЗЫНА. 10.00 МЕГАХИТ. «ПОСЛЕДСТВИЯ». 12.00 М/Ф. 13.10 М/Ф «ДЕСЯТЬ ДРУЗЕЙ КРОЛИКА». 14.00, 00.00 ӨСЕМ ӨНДЕР. 14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 21.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ВОЙНА НЕВЕСТЬ» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 «ВОЙНА НЕВЕСТЬ» Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.15 М/Ф «ДЕСЯТЬ ДРУЗЕЙ КРОЛИКА». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/С «КЕЛІНЖАН-4». 18.15 АЛАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.10 «ЖИЗНЬ, ИЛИ ЧТО-ТО ВРОДЕ ТОГО» Х/Ф. 00.10 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 26 ақпан	Сейсенбі, 27 ақпан	Сәрсенбі, 28 ақпан	Бейсенбі, 29 ақпан	Жұма, 1 наурыз	Сенбі, 2 наурыз	Жексенбі, 3 наурыз
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ-РАБОТНИЦА». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.00 ПЕРЕВОД ЧАСОВ НА 1 ЧАС НАЗАД. 23.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 04.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 «НЕПОБЕДИМЫЙ» Х/Ф. 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.25 ТОЙ БАЗАР. 08.25, 02.40 «П@УТИНА». 09.20 «ПРЕДАННЫЙ ДРУГ» Х/Ф. 11.05 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 13.15 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-3», Х/Ф. 17.00 «ИВАН ЦАРЕВИЧ И СЕРЫЙ ВОЛК-3», Х/Ф. 18.30, 02.10 АЙНА. 19.00 «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН», Х/Ф. 20.45 «ПЕРВЫЕ ВСТРЕЧНЫЕ», Х/Ф. 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.25 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 07.40, 03.55 «П@УТИНА». 08.40 БЕЙКУНӨ. 10.30 ҚАЙМАҚ. 11.05 «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН», Х/Ф. 13.15 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-4», Х/Ф. 17.00, 02.55 ӘҒУТАЙ. 18.05 «ГРЕХ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПЕРВЫЕ ВСТРЕЧНЫЕ», Х/Ф. 00.20 «БОЙ С ТЕНЬЮ-2: РЕВАНШ», Х/Ф.

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.  
Адамшылықты тез жүргізу үшін көп ой керек, оялау үшін оқу керек.  
Білім бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ өлдектің азығы.  
Мұхтар ӘУЕЗОВ.



СПОРТ

ҮШ КҮМІС, ҮШ ҚОЛА



16 ақпан күні Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушылары Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы ұлттық спорт түрлерінен ОБЖСМ 20 жылдығына орай ұйымдастырылған қазақ күресінен 2010-2011 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында облыстық ашық фестиваліне қатысып, жүлделі орындарға ие болды.  
Мәселен, боз кілемде өткен тарысты күрес нәтижесі бойынша Әміржан

Алишер мен Даниал, Оразбаев Абзал күміс жүлдені жеңіп алса, Дүзелбай Аманғазы, Өтемуратов Ренат пен Сәрсенбай Айдан қола жүлдені иеленді. Жаттықтырушы-оқытушы Амангелді Бәкіров пен шәкірттерін жүлделерімен құттықтап, алдағы жарыстарда тек сәттілік тілейміз!

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,  
БЖСМ басшысы.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



ЕСКЕРТУ!

АЛАЯҚТАРДАН  
САҚ БОЛҢЫЗ!



АБАЙЛАҢЫЗДАР,  
АЛАЯҚТАР!

Банк немесе полиция қызметкері ретінде хабарласып, жеке мәліметтеріңізді сұраса, несие рәсімдеуге нұсқаулар айтып, құпия сөзді сұраса;

Бейтаныс адамға төлем картасының CVV кодын ешбір жағдайда беруге және құпия сөзді айтуға болмайды!

ЕСКЕ САҚТАҢЫЗ!

Банктер ешқашан төлем картаның деректерін электрондық пошта бойынша немесе телефон соғу арқылы сұратпайды. Себебі мұндай ақпарат банк құпиясы туралы заңмен қорғалатын мәліметтер санатына жатады



АШЫҚ ЖИНАЛЫСТАР НЫСАНЫНДА  
ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ  
ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жигер-Эко» ЖШС 29.03.2024 жылы сағат 11:00-де «Солтүстік Қазақстан облысы, М. Жұмабаева ауданы, Пролетарка ауылы мекенжайы бойынша көмір өндіруге арналған көмір пештерін орнату жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» Бөлімі бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС-нің 2024-2033 жылдарға арналған Рұқсат етілген эмиссиялық нормативтер жобасы бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС 2024-2033 жылдарға арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС-нің 2024-2033 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС-нің 2024-2033 жылдарға арналған Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары бойынша Солтүстік Қазақстан облысы, М. Жұмабаев ауданы, Пролетарка ауылы, 1 көше көш., 2 үй (Демалыс орталығы) мекенжайында ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.  
Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және Google Meet платформасында бейнеконференция).

Конференцияға <https://meet.google.com/cpr-bomj-zop> сілтемесі арқылы қосыла аласыз.  
Бастамашы – «Жигер-Эко» ЖШС: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Октябрьское ауылы, 5 көше көш., 5 үй, тел. 8-777-801-27-27.  
Жобалық құжаттама нысаны – ЖК Попов В.А.: СҚО, Петропавл қ., Ү. Алтынсарин атындағы көш., 168Б, 106 к., тел. 8-747-748-19-82.  
Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memlekelet/entities/sko-labigat> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.  
Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: [ecorportel1982@mail.ru](mailto:ecorportel1982@mail.ru), 8-747-748-19-82.  
Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары Петропавл қ., көш. Парковая, 57Б, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел. 8-7152-53-36-38, [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

ОТБАСЫ БАНК «ОТАУ» ЖАҢА ТҮРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛАТЫНЫН ХАБАРЛАЙДЫ



«Отату» бағдарламасы 2024 жылдың 1 наурызында іске қосылады. Сол күннен бастап 30 сәуірге дейін (қоса алғанда) қазақстандықтар Баспана маркет ([otasybank.kz](https://otasybank.kz)) порталында бағдарламаға қатысу туралы өтініш жолдай алады. Өтініш беру уақыты маңызды емес.

«Отату» бағдарламасына кімдер қатыса алады?

1. Отбасы банк салымшылары («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы), оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатыса алады;
2. Үміткердің жинақ шоты ең кемі 18 айлық болуы керек;
3. Өтінім беру сәтінде депозиттегі жинақ сомасы 1 млн теңгеден кем болмауы тиіс;
4. Қатысушы жасы 18-ден 63 жасқа дейін (қоса алғанда);
5. Бағдарламаға қатысушы және оның отбасы мүшелерінде соңғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлік болмауы керек;
6. Алматы және Астана қалаларынан тұрғын үй алатын жағдайда аталмыш қалаларда тұрақты тіркеу болуы қажет.

«Отату» бағдарламасы – тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылар үшін баспана сатып алудың қосымша құралы. Ол қазақстандықтар арасында үнемдеу мәдениетін ығытуға әрі қарай тартуға арналған. Себебі, ең үнемшіл салымшылардың төмен пайыздық мөлшерлемесі бойынша заем алу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінде салым жинақтау бірнеше жылдан кейін заем бойынша мөлшерлемені төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік Отбасы банк клиенттеріне «несиеден шаршауды» болдырмауға көмектеседі.

«Отату» бағдарламасы жұмыс істейтін жастарды, жас отбасыларды, Отбасы банкінің салымшыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жыл сайын заемдардың жартысынан астамы 35 жасқа дейінгі қазақстандықтарға кредит беруге бөлінетінін білдіреді. Жыл сайын біз қаржыландыруға 150 млрд теңге бағыттайтын боламыз. Бұл ақша Отбасы банктің өз қаражаты есебінен бөлінетін болады, сондай-ақ қазақстандық қаржы нарығынан да қарыз алып, қаражат тартуды жоспарлап отырымыз. «Отату» бағдарламасы 7 жылға есептелген. Осы кезеңде біз 50 мың азаматтың тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесеміз, - деп атап өтті «Отбасы банк» АҚ Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.  
Өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін, [otasybank.kz](https://otasybank.kz) сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасқаталады. Оған ең көп ұпай жинағандар кіреді.

Ұпайлар қалай есептеледі?

- салым бойынша сыйақы мөлшері үшін - әрбір 1 000 теңгеге 5 балл;
- салым мерзімі үшін - салымның әрбір жылы үшін 5 балл;
- тіркелген неке үшін - 10 балл;
- балалардың болуы үшін - санына

қарамастан 50 балл.  
Егер үміткерлердің ұпайларының саны бірдей болып қалса, онда басымдық салым сомасы көбірек және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамдарға беріледі.

Іріктеуден өткен қатысушылар 40 жұмыс күні ішінде несиелік өтінім бере алады. Банктен оң мақұлдау алған жағдайда несиелік өтінім 6 ай ішінде жарамды болады. Осы уақыт аралығында бағдарламаға қатысушы баспана тауып, несие алып, оны сатып алуы керек.

Заем көлемі қандай және қандай тұрғын үй сатып алуға болады?

- Алматы мен Астанадағы заемның ең жоғары сомасы - 30 млн теңгеге дейін;
- қалған өңірлерде - 18 млн теңгеге дейін.
- тек ағашқы нарықтағы тұрғын үй - Алматы, Астана, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында (оның ішінде ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу шарты бойынша);
- басқа елді мекендерде кез келген тұрғын үй.

Бағдарламаға қатысушы жаңа тұрғын үйді Баспана маркет ([otasybank.kz](https://otasybank.kz)) порталынан ғана сатып ала алады. Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған.

Әрбір нысан аталмыш платформаға орналастырылмастан бұрын, тұрғын үйдің ағымдағы нарықтық бағасы негізінде қунын бекіту процесінен өтетін болады. Егер ол нарыққа сәйкес келсе, онда құрылыс салушымен шаршы метр бағасын белгілей отырып, тұрғын үйді сату туралы келісім жасалады.

«Отату» бағдарламасының шарттары:

- Алғашқы жарна - 20%-дан бастап;
- Кредит бойынша мөлшерлеме - жылдық 9% (ЖТСМ 9,2% бастап).
- Несие мерзімі - 19 жылға дейін.
- «Отату» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (заем алушылардың келісімімен) Отбасы банкінің сайтында жарияланатын болады. Әрбір адам өтінімдерді іріктеу және ұпайларды есептеу нәтижелерімен [otasybank.kz](https://otasybank.kz) порталда таныса алады.

Жанар ЖОЛТАЕВА,  
«Отбасы Банк» АҚ баспасөз хатшысы.

Директор - бас редактор  
Нелі ГОИЧАР  
Газеттің меншік иесі:  
«Газета-Вестни» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Бани көшесі, 13 үй.  
Тел: 2-17-49.  
Басқалым нөмірісі 65360  
e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

Газет аптасына  
1 рет бейсенбі күні  
шығады

«Magjan juldzy» газеті  
редакцияда теріліп беттеледі.  
«Северный Казахстан»  
баспаханасында басылады.  
(Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй).  
Тарамағы - 780

Газет аудан «сібінің», аудандық  
мәслихаттың танысырысы бойынша  
шығарылады және газеттер аралық  
мәжілістерді ақпараттық саясатты  
жүргізудегі ресми баспа болып  
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құрамын алды. Жарнаманың мазмұны мен өтініші жарнама беруші жауапты. Жарнаманың ақпаратын авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ретованланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарлануға болады